

**«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жылдық жалпы жиналысының  
№2/2013 хаттамасы**

Толық атауы	«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы
Атқарушы органның орналасқан жері Акционерлер жалпы жылдық жиналысы өткізілетін орын Өткізу күні	Қазақстан Республикасы Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 19, Қазақстан Республикасы Астана қ., Тәуелсіздік к., 57 Бейбітшілік және келісім сарайы, Опера залы 2013 жылғы 28 мамыр
Акционерлерді тіркеуді бастау	09 сағат 00 минут
Акционерлерді тіркеуді аяқтау	13 сағат 00 минут
Акционерлер жалпы жиналысының басталуы	15 сағат 00 минут
Акционерлер жалпы жиналысының аяқталуы	17 сағат 40 минут

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы Қоғам Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 17 сәуірдегі шешімімен (отырыстың №5/2013 хаттамасы) мынадай күн тәртібімен шақырылды:

1. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2012 жылға жылдық қаржы есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржы есептілігін бекіту туралы

2. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2012 жылға таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және «ҚазТрансОйл» АҚ-тың бір жай акциясына есептегенде 2012 жыл үшін дивиденд мөлшерін бекіту туралы.

3. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2012 жылға жылдық есебін бекіту туралы.

4. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің 2012 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін бекіту туралы.

5. «ҚазТрансОйл» АҚ пен оның лауазымды адамдарының іс-әрекеттеріне 2012 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің арыз-шағымдарын қарау және оларды қараудың қорытындылары туралы.

6. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын доғару туралы.

7. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау туралы.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын (бұдан әрі – Жиналыс) өткізу туралы ақпарат 2013 жылғы 25 сәуірде республикалық баспа басылымдарда және Қоғамның веб-сайтында жарияланды.

Қоғам Жарғысының 9-бабы 39-тармағына сәйкес Қоғамның топтық хатшысы А. С. Майкенов Жиналыс хатшысы болады.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 46-бабымен көзделген міндетті атқаратын есеп комиссиясы 2013 жылғы 13 наурызда өткен Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен (№1/2013 хаттама) сайланған.

Қоғамның Бас директоры (Басқарма төрағасы) Қ. М. Қабылдин өрт қаіпсіздігі бойынша түсіндірме нұсқамалық жасау үшін Қ. А. Ерубәевқа сөз берді. Қ. А. Ерубәев акционерлер мен қатысып отырғандарды Жиналыс өтіп жатқан кезде сақталуы қажет қауіпсіздіктің негізгі шаралары және өрт қауіпі туған жағдайда жасалатын бірінші маңызды әрекеттер мен ғимараттан шығу кезектілігі туралы хабарлады.

Бұдан кейін сөз есеп комиссиясының төрағасы Г. Қ. Рысбековаға сөз берілді.

Г. Қ. Рысбекова Қоғам акционерлерінің тіркеушісі – «Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші» АҚ берген Қоғам акционерлерінің тізіміне сәйкес 2013 жылғы 14 мамырдағы жағдай бойынша Қоғам орналастырған жай акциялардың жалпы саны 384 635 599 дананы құрайтынын хабарлады.

Есеп комиссиясы берген деректер бойынша Жиналысқа қатысу үшін акционерлерді тіркеудің аяқталу кезеңіне Қоғамның жиыны 354 693 258 (үш жүз елу төрт миллион алты жүз тоқсан үш мың екі жүз елу сегіз) дауыс беруші акцияға ие 124 акционер және олардың өкілдері тіркелген, бұл Қоғамның дауыс беруші акциялары жалпы санының 92,2 пайызын құрайды.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 45-бабының 1-тармағы негізінде егер жиналысқа қатысушыларды тіркеудің аяқталу кезеңіне акционерлер тізіміне кіргізілген, оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, Қоғамның дауыс беруші акцияларының елу және одан көп пайызына ие акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелсе, акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібі мәселелерін қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізуге және күн тәртібі мәселелері бойынша дауыс беруге көпшілік құрам бар.

Барлық қатысушы акционер тіркелген және олардың өкілдерінің өкілеттігі тиісінше түрде тексерілді. Жиналысқа қатысушы барлық акционерге және олардың өкілдеріне күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар және дауыс беруге арналған бюллетеньдер берілді.

Бұдан әрі Г. Қ. Рысбекова акционерлердің жалпы жиналыстағы құқықтарын іске асыру мәселелерін және дауыс беру тәртібін түсіндірді.

Қ. М. Қабылдин Директорлар кеңесінің төрағасы Н. Н. Шмановқа сөз берді, ол акционерлерге Жиналыс күн тәртібіне өзгерістер мен толықтырулардың жоқ екендігін хабарлады.

Қ. М. Қабылдин Жиналысты өткізу үшін ашық дауыс беру түрін белгілеуді ұсынды.

Ұсыныс «бір акционер – бір дауыс» қағидаты бойынша дауысқа қойылды.

**Дауыс берді:**

**«Жақтау»** – 121 акционер

**Қарсы»** – дауыс жоқ

**«Қалыс қалу»** – дауыс жоқ

**Шешім көпшілік дауыспен қабылданды:** Қоғам Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы күн тәртібі мәселелері бойынша дауыс берудің ашық түрі белгіленсін.

Қ. М. Қабылдин Жиналыс төрағалығына Нұртас Нұрибекұлы Шмановты сайлауды ұсынды.

Осы мәселе дауыс беруге қойылды.

**Дауыс берді:**

«Жақтау» – 354 672 794 дауыс

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалу» – дауыс жоқ

**Шешім көпшілік дауыспен қабылданды:**

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының төрағасы болып Нұртас Нұрибекұлы Шманов сайлансын.

Бұдан әрі Н. Н. Шманов Жиналысты өткізу регламентін жариялады және мынадай күн тәртібін дауысқа қойды:

1. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2012 жылға жылдық қаржы есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржы есептілігін бекіту туралы

2. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2012 жылға таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және «ҚазТрансОйл» АҚ-тың бір жай акциясына есептегенде 2012 жыл үшін дивиденд мөлшерін бекіту туралы.

3. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2012 жылға жылдық есебін бекіту туралы.

4. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің 2012 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін бекіту туралы.

5. «ҚазТрансОйл» АҚ пен оның лауазымды адамдарының іс-әрекеттеріне 2012 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің арыз-шағымдарын қарау және оларды қараудың қорытындылары туралы.

6. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын доғару туралы.

7. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау туралы.

**Дауыс берді:**

«Жақтау» – 354 689 838 дауыс

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалу» – дауыс жоқ

**Шешім көпшілік дауыспен қабылданды:**

Акционерлер жылдық жалпы жиналысының мына күн тәртібі бекітілсін:

1. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2012 жылға жылдық қаржы есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржы есептілігін бекіту туралы

2. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2012 жылға таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және «ҚазТрансОйл» АҚ-тың бір жай акциясына есептегенде 2012 жыл үшін дивиденд мөлшерін бекіту туралы.

3. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2012 жылға жылдық есебін бекіту туралы.

4. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің 2012 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін бекіту туралы.

5. «ҚазТрансОйл» АҚ пен оның лауазымды адамдарының іс-әрекеттеріне 2012 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің арыз-шағымдарын қарау және оларды қараудың қорытындылары туралы.

6. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын доғару туралы.

7. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау туралы.

Н. Н. Шманов күн тәртібіндегі **бірінші мәселе** бойынша Қоғам бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары А. Т. Илеуовке сөз берді.

А. Т. Илеуов активтер 2011 жылғы қалыптасқанға қарағанда 2012 жылдың қорытындылары бойынша 10 пайыз артқанын, бұл 496 млрд. теңгеден астам екендігін түсіндірді. Есепті кезеңнің қорытындылары бойынша бір жай акцияның теңгерімдік құны 1 004 теңге болды, таза активтер 6 пайыз өсті, бұл IPO аясында акцияларды қосымша шығарумен байланысты.

Бұдан әрі А. Т. Илеуов Қоғам 2012 жылдың қорытындылары бойынша қаржылық көрсеткіштерін едәуір арттырғандығын хабарлады. Негізгі қызмет бойынша кіріс 143 млрд. теңден астам болды, бұл 2011 жылғыдан 2 млрд. 583 млн. теңге жоғары. Қоғамның шығыстар өсімін тежеу саясаты шоғырландырылған өзіндік құнның өсімін 2011 жылға қарағанда 3 пайыз шамасында қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. 2012 жылы Қоғамның бірлескен бақылаудағы кәсіпорындары кірістеріндегі үлесі 6 млрд. 505 млн теңгеге өсті. Қоғамның таза пайдасы бүкіл тарихында алғаш рет 33 млрд. теңгеден асып түсті, бұл 2011 жылғы көрсеткіштен 29 пайыз жоғары. Ұсынылған есептілікке «Эрнст энд Янг» ЖШС аудит жасады.

Н. Н. Шманов «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2012 жылға жылдық қаржы есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржы есептілігін бекіту туралы мәселені дауыс беруге қойды.

**Дауыс берді:**

«Жақтау» – 354 672 064 дауыс

«Қарсы» – 8 270 дауыс

«Қалыс қалу» – 9 640 дауыс

**Шешім көпшілік дауыспен қабылданды:**

«ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2012 жылға жылдық қаржы есептілігі және шоғырландырылған жылдық қаржы есептілігі мынадай негізгі көрсеткіштермен бекітілсін:

«ҚазТрансОйл» АҚ бойынша жеке алғанда:

мың теңге

<b>Көрсеткіш атауы</b>	<b>2012 жыл</b>	<b>2011 жыл</b>
Өнімдерді өткізу мен қызметтер көрсетуден алынған табыс	123 931 842	122 258 114
Өткізудің өзіндік құны	(83 711 982)	(80 330 110)
<b>Жалпы пайда</b>	<b>40 219 860</b>	<b>41 928 004</b>
Жалпы және өкімшілік шығыстар	(9 323 465)	(4 725 247)

Еншілес ұйымдарға салынған инвестицияның құнсыздануынан келген залал	(280 212)	(1 804 355)
Жыл ішіндегі таза пайда	25 334 951	29 463 371

шоғырландырылғаны:

мың теңге

<b>Көрсеткіш атауы</b>	<b>2012 жыл</b>	<b>2011 жыл</b>
Өнімдерді өткізу мен қызметтер көрсетуден алынған табыс	143 061 325	140 478 092
Өткізудің өзіндік құны	(99 603 631)	(96 298 683)
Жалпы пайда	43 457 694	44 179 409
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(10 977 575)	(6 730 370)
Бағам айырмасынан болған залал	(220 281)	(434 972)
Үлесті қатысудан алынған табыс	8 107 979	1 602 528
Жыл ішіндегі таза пайда	33 501 128	25 945 397

Н. Н. Шманов күн тәртібіндегі **екінші мәселе** бойынша Қоғам бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары А. Т. Илеуовке сөз берді.

А. Т. Илеуов Қоғамның 2012 жылғы шоғырландырылған таза пайдасы (нарықтық құны бойынша) 33 млрд. 501 млн. теңге болғанын акционерлерге хабарлады. Қоғамның Директорлар кеңесі 2012 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша дивидендтер төлеуге 28 млрд. теңге мөлшерінде соманы жолдауға ұсыныс берді, бұл бір акцияға 75 теңгені құрайды. Дивидендтердің бұл деңгейі дивидендтік кірістілікті 10,34 пайыз деңгейінде (*орналастыру құнына*) қамтамасыз етеді. Бұл ретте 2012 жылы екінші деңгейдегі банкілердің жеке тұлғалар депозиттері бойынша сыйақыларының мөлшерлемесі 8,28 пайыз болды.

Бұдан әрі А. Т. Илеуов 2012 жылдың қорытындыларымен Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер алуға құқығы бар акционерлер тізімі 2013 жылғы 13 маусым 00 сағат 00 минуттағы жағдай бойынша тіркелетіндігін атап көрсетті. Бұл ретте 2012 жылдың қорытындыларымен Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу 2013 жылғы 4 шілдеден басталады.

Н. Н. Шманов «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2012 жылға таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және «ҚазТрансОйл» АҚ-тың бір жай акциясына есептегенде 2012 жыл үшін дивиденд мөлшерін бекіту туралы мәселені дауыс беруге қойды.

**Дауыс берді:**

«Жақтау» – 354 670 544 дауыс

«Қарсы» – 9 640 дауыс

«Қалыс қалу» – 136 дауыс

**Шешім көпшілік дауыспен қабылданды:**

1. Бекітілсін:

1) Қазақстан Республикасы Астана қаласы Есіл ауданы Қабанбай батыр даңғылы, 19 мекенжайында орналасқан, 2007 жылғы 17 қыркүйектегі

ЖБН 970 540 000 107, СТН 600 700 151 343, 2012 жылғы 29 тамыздағы ҚҚС бойынша есепке қою куәлігі сериясы 62001 №0015217, Кбе 16, «Қазақстан Халық жинақ банкі» АҚ Астана өңірлік филиалы, SWIFT BIC: HSBKZKX, KZ 536010111000012185 (теңге) Қоғам 2012 жылдың қорытындылары бойынша алынған 33 501 128 000 (отыз үш миллиард бес жүз бір миллион бір жүз жиырма сегіз мың) теңге мөлшерінде таза табысты бөлудің мынадай тәртібі:

- 28 847 669 925 (жиырма сегіз миллиард сегіз жүз қырық жеті миллион алты жүз алпыс тоғыз мың тоғыз жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде сома дивиденд төлеуге жолдансын;

- таза табыстың 4 653 458 075 (төрт миллиард алты жүз елу үш миллион төрт жүз елу сегіз мың жетпіс бес) теңге мөлшеріндегі қалған сомасын Қоғамның иелігінде қалдыру;

2) Қоғамның бір жай акциясына есептегенде 2012 жыл үшін дивиденд мөлшері 75 (жетпіс бес) теңге сомасында.

2. 2012 жылдың қорытындыларымен Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденд алуға құқығы бар Қоғам акционерлерінің тізімі 2013 жылғы 13 маусым 00 сағат 00 минуттағы жағдай бойынша бекітілсін.

3. 2012 жылдың қорытындылары бойынша Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденд төлеудің басталу күні болып 2013 жылғы 04 шілде белгіленсін.

4. Дивиденд төлеу ақшамен оны Қоғам акционерлерінің шотына белгіленген тәртіпте аудару жолымен жүргізілсін:

1) Қоғамның «Бағалы қағаздар орталық депозитариі» АҚ-та атаулы ұстауда тұрған жай акциялары бойынша «Бағалы қағаздар орталық депозитариі» АҚ атынан төлем агенті арқылы;

2) Қоғамның «Бағалы қағаздар орталық депозитариі» АҚ-та атаулы ұстауда тұрмаған жай акциялары бойынша Қоғам өздігінен.

5. «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы) Қ. М. Қабылдин осы шешімді іске асыру бойынша қажетті шараларды белгіленген тәртіпте қабылдасын.

Н. Н. Шманов күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша Қоғамның бас директоры (Басқарма төрағасы) Қ. М. Қабылдинге сөз берді.

Қ. М. Қабылдин акционерлердің назарына Қоғамның 2012 жыл қорытындылары бойынша жылдық есебін ұсынды. Қ. М. Қабылдин акционерлерді Қоғамның мақсаттары, қаржы және операциялық қызмет нәтижелері, Қоғамның меншік құрылымы, топтық басқару және Қоғам Басқармасының 2012 жылғы жұмысы туралы хабардар етті.

Сондай-ақ Қ. М. Қабылдин Қоғамның магистральды мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор мәртебесіне ие болғандығын, қор нарығына шығуын, тарифтің көтерілуін қоса алғанда есепті кезеңдегі негізгі оқиғалар туралы ақпаратты акционерлердің назарына жеткізді. Сонымен қатар Қоғам қызметінің бұдан былайғы бағыттары, оның стратегиялық міндеттері, кадр және әлеуметтік саясаты туралы айтылды.

Н. Н. Шманов Қоғамның 2012 жылға жылдық есебін бекіту туралы мәселені дауысқа қойды.

**Дауыс берді:**

«Жақтау» – 354 664 877 дауыс

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалу» – 9 640 дауыс

**Шешім көпшілік дауыспен қабылданды:**

Ұсынылып отырған «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2012 жылға жылдық есебі бекітілсін.

Күн тәртібіндегі **төртінші мәселе** бойынша Н. Н. Шманов сөз алды, ол акционерлерді 2012 жылға Қоғам Директорлар кеңесінің жасалған жұмыстары туралы, Директорлар кеңесінің құрамы, есепті кезеңде басқару органы қабылдаған аса маңызды шешімдер және комитеттер жұмысы туралы хабардар етті.

Сондай-ақ 2012 жылға Директорлар кеңесі қызметін бағалау және Директорлар кеңесі қызметін озық топтық тәжірибе талаптарына сәйкес жетілдірудің одан былайғы бағыттары туралы ақпаратты акционерлердің назарына жеткізді.

Н. Н. Шманов Қоғам Директорлар кеңесінің 2012 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін бекіту туралы мәселені дауысқа қойды.

**Дауыс берді:**

«Жақтау» – 354 667 064 дауыс

«Қарсы» – 9 344 дауыс

«Қалыс қалу» – 136 дауыс

**Шешім көпшілік дауыспен қабылданды:**

Ұсынылып отырған «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің 2012 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебі бекітілсін.

Күн тәртібіндегі **бесінші мәселе** бойынша Қоғамның топтық хатшысы А. С. Майкенов сөз алды, ол «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қоғам Жарғысына сәйкес Қоғамның жылдық жалпы жиналысында есепті кезеңде Қоғамның және оның лауазымды адамдарының іс-әрекеттеріне акционерлердің арыз-шағымдары және оларды қараудың қорытындылары туралы мәселе қаралатындығын атап көрсетті.

Сонымен қатар Акционерлер жылдық жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар Қоғамның және оның лауазымды адамдарының іс-әрекеттеріне акционерлердің арыз-шағымдарын қарау және оларды қараудың қорытындылары туралы ақпаратты қамтуға тиіс.

Қаралған мәселе аясында 2012 жылы Қоғамның және оның лауазымды адамдарының іс-әрекеттеріне акционерлердің арыз-шағымдары болмағандығы айтылды.

Н. Н. Шманов Қоғамның және оның лауазымды адамдарының іс-әрекеттеріне Қоғам акционерлерінің арыз-шағымдарын қарау және оларды қараудың қорытындылары туралы мәселені дауысқа қойды.

**Дауыс берді:**

«Жақтау» – 354 649 636 дауыс

«Қарсы» – дауыс жоқ

**«Қалыс қалу» – 9 208 дауыс**

**Шешім көпшілік дауыспен қабылданды:**

2012 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ-тың және оның лауазымды адамдарының іс-әрекеттеріне «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің арыз-шағымдары болмағандығы туралы ақпарат назарға алынсын.

Күн тәртібіндегі **алтыншы мәселе** бойынша Н. Н. Шманов 2013 жылғы 19 наурызда Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі А. А. Дарбаев өз бастамасымен Директорлар кеңесінің мүшесі өкілеттігін 2013 жылғы 20 наурыздан бастап мерзімінен бұрын доғаратыны туралы Қоғам Директорлар кеңесіне жазбаша хабарлама жолдағандығын хабарлады.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының және Жарғының ережелеріне сай Директорлар кеңесі осындай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап доғарылады.

Өз кезегінде Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын доғару және оларды сайлау мәселесі Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

Жоғарыда баяндалғандар негізінде Акционерлер жалпы жиналысы Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі А. А. Дарбаевтың өкілеттігін 2013 жылғы 20 наурыздан бастап мерзімінен бұрын доғаратыны туралы шешім қабылдауы қажет.

Н. Н. Шманов осы мәселені дауысқа қойды.

**Дауыс берді:**

**«Жақтау» – 354 666 611 дауыс**

**«Қарсы» – дауыс жоқ**

**«Қалыс қалу» – 478 дауыс**

**Шешім көпшілік дауыспен қабылданды:**

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Арман Амангелдіұлы Дарбаевтың өкілеттігі 2013 жылғы 20 наурыздан бастап мерзімінен бұрын доғарылсын.

Күн тәртібінің **жетінші мәселесі** бойынша Н. Н. Шманов Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі А. А. Дарбаевтың өкілеттігі мерзімінен бұрын доғарылуына байланысты Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау қажеттігі туындайтынын түсіндірді. Осыған байланысты Директорлар кеңесі құрамына сайлауға «ҚазМунайГаз» ҰК АҚ өз өкілі ретінде Қ. Б. Жылқышиевтың кандидатурасын ұсынды.

Н. Н. Шманов Қоғам Директорлар кеңесінің жаңа мүшесі ретінде сайлауға ұсынылып отырған кандидат туралы ақпаратты акционерлердің назарына ұсынды. Қ. Б. Жылқышиевтың тиісті білімі мен біліктілігі, мұнай-газ саласында және бірқатар компанияда басқару органдарында елеулі жұмыс тәжірибесі бар екендігі айтылды.



2013 жылғы 10 сәуірде Қ. Б. Жылқышиевтың кандидатурасын Қоғам Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақылар комитеті алдын ала мақұлдаған болатын.

Осыған байланысты Акционерлер жылдық жалпы жиналысының қарауына ірі акционер – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі ретінде Қуаныш Болатұлы Жылқышиевты Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелігіне сайлау мәселесі шығарылды.

Н. Н. Шманов осы мәселені дауысқа қойды.

**Дауыс берді:**

«Жақтау» – 353 341 612 дауыс

«Қарсы» – 1 315 730 дауыс

«Қалыс қалу» – 9 747 дауыс

**Шешім көпшілік дауыспен қабылданды:**

1. Қуаныш Болатұлы Жылқышиев тұтас алғанда «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейінгі өкілеттік мерзіміне ірі акционер – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі ретінде «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлансын.


2. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Н. Н. Шманов осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды белгіленген тәртіпте қабылдасын.

**Жиналыс төрағасы**



**Н. Шманов**

**Жиналыс хатшысы**



**А. Майкенов**

**Есеп комиссиясының  
төрағасы**




**Г. Рысбекова**

**Есеп комиссиясының  
мүшелері:**


**С. Әбдібаева**




**С. Әбілбеков**



**С. Жүкенова**



**Г. Елекеева**




**А. Қабақаева**




**С. Қожахметов**



**А. Кежебаева**




**С. Қозыке**




**Д. Нұркина**



**К. Оспанова**




**С. Соқытбаева**



**А. Тоғжанова**



**Р. Төлегенова**



**Дауыс беруші акциялардың 10%-ынан  
артығына ие акционердің өкілі**



**Н. Шманов**